

Кімге: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
Министрлігіне

Автор: Ботабаев Олжас Маратович, Шығыс Қазақстан облысы
Самар ауданының жер қатынастары бөлім басшысының міндетін
атқарушы

Күні: 24.10.2024 ж.

Аналитикалық жазба

Шығыс Қазақстан облысы аудандарындағы ауылшаруашылық жер телімдерінің мемлекеттік жер қорына қайтарымы және нысаналы мақсаты бойынша пайдалану мәселелері

Кілт сөздер: жайылымдық, жер, кодекс, қайтару, заң, жер пайдалану,
шаруашылық, мемлекет, халық.

Зерттеу әдістері: жинақтау, сұрыптау, салыстыра талдау (SWOT және
PEST талдау), жүйелеу.

Кіріспе.

Ауыл шаруашылығы алқаптарына егістіктер, тыңайған жер, көп жылдық епелер егілген жер, шабындықтар мен жайылымдар жатады. Елімізде шамамен 10 млн га жер заңсыз беріліп, ешқандай пайдаға жарамай отыр. Бұл бүгінде өзекті мәселе. Осы ретте ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жұмысқа оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын» .[1], - деген пікірі жерді қайта игеру, халыққа табыс көзін алып келуге үлкен мүмкіндік тудырды.

2024 жылғы 27 ақпанда ҚР Президенті «Жайылымдарды пайдалану мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды.

Жер ең негізгі табиғат байлығы. Ол барлық тіршілік көзі және өмір сүру ортасы, халықты жұмыс орынымен қамтамасыз болуы. Қазір адамдар өздеріне керек қоректік заттардың 88%-ін егістік жерлерден, 10%-ін ормандар мен жайылымдардан, 2%-ін теңізбен мұхит

суларынан алады. Жер қорын қорғау және тиімді пайдалану сондықтанда ең негізгі, ешқашан маңызын жоймайтын өзекті мәселе.

Аналитикалық жазбаның мақсаты – Шығыс Қазақстан облысының аудандардағы қайтарылған жер телімінің қазіргі уақытта ұтымды пайдалану мәселесі оның қосымша берілетін жер телімдерінің шешімін табу жолдары, деңгейін анықтау және нысаналы пайдалану мақсаты.

Негізгі бөлім – Шығыс Қазақстан облысының жер аумағы 9,785 млн гектарды құрайды, оның ішінде егістік – 672,3 мың га, тыңайған жерлер – 70,5 мың га, көпжылдық екпелер – 3 мың га, шабындықтар – 460,8 мың га және жайылым – 5,125 млн га астам.

ШҚО заңсыз берілген жер учаскелері бойынша анықталған деректер жоқ, заңсыз жер телімінің пайдалануға берілмеу бойынша ШҚО Жер ресурстарын басқару департаменті қадағалауда.

Дегенмен, Абай облысының Ақсуат ауданында былтыр шамамен 61604 гектар игерілмей жатқан жер мемлекет меншігіне өткен. Бірақ іргесіндегі Тана мырза ауылының тұрғындары әлі күнге мал жаятын жайылымдық жер тапшылығы орын алып отыр. Өңір тұрғындары жайылымның жоқтығынан ауыл адамдары толықтай көшіп кете ме деп қорқады. Сол үшін де жерді әділетті түрде халыққа үлестіріп берсе дейді [2]. Бұндай жайттар халықтың үкіметке деген сенімін кетіруде.

Шығыс Қазақстан облысы Жер қатынастар басқармасының дерегі бойынша **2022 жылдан** бастап пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару бойынша жұмыс басталды. 2022 жылы қайтару жоспары 100 мың га құрады, мемлекеттік меншікке 100,6 мың га қайтарылды, оның ішінде 83,5 мың га жайылым және де 2023 жылы қайтару жоспары 120 мың га құрады, мемлекеттік меншікке 125,7 мың га қайтарылды, оның ішінде жайылым 107,1 мың га. жетеді.



Ағымдағы жылы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді қайтару бойынша жұмыс жалғастырылды бүгінгі таңда мемлекет меншігіне 70,2 мың га пайдаланылмайтын жер, оның ішінде 59,4 мың га жайылым қайтарылды.


Мемлекетке қайтарылған пайдаланылмайтын жерлер бұдан әрі қолданыстағы жер заңнамасын ескере отырып қайта бөлінетін болады. Мұндай жерлерді бөлу кезінде жергілікті халықтың жеке ауласындағы мал жаю үшін жайылымдарға деген қажеттілігін қанағаттандыруға басымдық беріледі.

2022-2023 жылдарға қайтарылған жерлердің 43,5 мың га ауыл шаруашылығы айналымына тартылды, оның ішінде 26,7 мың га халықтың мұқтажын қанағаттандыру үшін берілді, 16,8 мың га агроқұрылымдарға конкурстық негізде берілді.

2023 жылы облыс халқының мұқтаждықтары үшін жайылымдық жерлердің тапшылығы 78,6 мың га құрады, халықты жайылымдармен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізу нәтижесінде қажеттілік толық көлемде жабылды.

Жайылымдарды пайдалану жөніндегі заңнамаға өзгерістер енгізілгенге дейін 2024 жылдың басынан бастап халықтың малын жаю үшін уақытша өтеусіз жер пайдалану құқығымен 11,1 мың га жайылымдық жер берілді, 6,7 мың га жайылым агроқұрылымдарға конкурстық негізде берілді.

2024 жылы жайылымдарға қажеттілік 69,9 мың га құрайды, бүгінгі күні 40,3 мың га алаңда шаралар қабылданды, 29,6 мың га алаңда жайылымдармен қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар осы жылдың соңына дейін орындалатын болады [3].



2- сурет

Жер ресурстарын басқару комитетінің төрағасы Мұрат Теміржановтың айтуынша: «2024 жылдың басынан бері ауыл шаруашылығы мақсатындағы 391,2 мың гектар, ал 2022-2024 жылдары барлығы 10,4 млн гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылған. Оның 3,7 млн га жері жергілікті халыққа қайта бөлінді (жалпы мақсаттағы мал жаюға – 1,72 млн га, конкурстық негізде бөліп пайдалануға берілгені – 1,69 млн га) және де қосымша ауыл шаруашылығы жерлерінің 4,4 млн га немесе 2022 жылдан бастап ел бойынша қайтарылған барлық жердің 44%-ы бұрын 204 ірі кәсіпкерлік субъектілерінің қолында болған». Қайтарылған жер телімдерінің әлеуметтік мәдени іс шаралары жүргізілгенге байланысты халықтың әл-ауқаты, халықтың тұрмыс жағдайы көтерілуіне жол ашады [4].

Жайылым тапшылығын азайту үшін әкімдіктерге, жалпы пайдалануға, мал жаю үшін 562,1 мың га жайылымдық жер бекітіліп берілген, 65,1 мың га жайылым жер пайдалануға конкурстық негізде берілген, 746,6 мың га резервке қойылған. Елді мекендер шегіне 97,3 мың га жайылымдық жер енгізілді.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары - Сауда және интеграция министрі Серік Жұманғариннің сөзінше: «Бүгінде біздің негізгі міндетіміз – жерді қайтару ғана емес, тиімді

пайдалану және жер пайдаланушыларды бақылау. Алынған жерлерді пайдалану мен жақсарту үшін жауапкершілікті күшейту қажет. Ол үшін жерді бөлудің жаңа ережелері мен принциптерін әзірлеу қажет» [4], — деген пікірі қайтарылған жерлерді заңды түрде халық игілігіне беру және жер телімін нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылуын қадағалау болып табылады.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 14-1-бабы 3-тармағының 18-1-тармақшасын басшылыққа ала отырып, қазіргі таңда аудандардың жер қатынастары бөлімдері Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 92-бабына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтау бойынша жұмыстар жүргізді, жер учаскелерін тексеру актілері жасалынды. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 147-бабына сәйкес жерді пайдалану мен қорғауды мемлекеттік бақылау бойынша тиісті шараларды одан әрі қабылдау үшін жер учаскелерін мақсаты бойынша пайдаланбайтын жер пайдаланушылар анықталып, құзыретті мемлекеттік органдармен тиісті шараларды қабылдау бойынша жұмыстар жүргізілуде[5].

Қорытынды

Бастапқыда айтылған мысалдармен, жинақталып зерттелген деректердің негізінде Шығыс Қазақстан облысы аудандарының жер телімдеріне тұжырымдама жасалып, негізгі мәселелер болды.

- 1- Мәселе. Өңірімізде жайылымның жетіспеуі;
- 2- Мәселе. Қайтарылып жатқан жерлердің қайта қолданысқа берілуі;
- 3- Мәселе. Жайылым жетпей отырған ауыл азаматтары қайтарылған жерді рәсімдеуі кезіндегі әділеттілік сынды көкейкесті мәселелерін шешу үшін;
- 4- Мәселе. Сот жүйесін түбегейлі өзгерту;
- 5- Мәселе. Мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген жер учаскесін меншік иесімен заңды талаптарға сәйкес жергілікті әкімшілік мекемесімен бірлесе жұмыс атқару.

Біріншіден: жайылым жетіспеуінің негізгі бір себебі 2022 жылдан бастап ауыл шаруашылығы мақсатындағы игерілмей жатқан жерлерді мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары бойынша жалпы жоспарға сәйкес нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмайтын жер учаскелерін анықтау мен уақытылы шара қолданудың ақсап тұрғандығы. Сол себепті, анықталған Заң бұзушылықтарды уақытылы тіркеп, оперативті шара қолдануды қолға алу керек. Енді бір себебі,

адами фактор екенін айтпасқа болмас. Кәзіргі таңда 2024 жылдың сәуір айында қабылданған заңнамаға сәйкес басында мал саны 20 пайыздан 50 пайызға дейін көтерілді. Бұл дегеніміз жерді игерудің талаптарының күшеюі;

Екіншіден: қайтарылып жатқан жерлердің қайта қолданысқа берілуі бойынша Жер Заңнамасын негізге алып шеше аламыз, мемлекет меншігіне қайтқан жер Жер Кодексінің негізінде 1 жыл көлемінде иесіз жер ретінде мемлекет қарамағында туруы тиіс, 1 жыл өткеннен кейін жергілікті атқарушы органдар конкурс, не болмаса аукцион өткізеді. Ең негізгі себептің бірі бұл қарапайым халықтың заңдылық жағынан сауаттылығының ақсап тұрғандығы десем артық айтпас едім, сол үшін мемлекеттік атқарушы органдарға қарапайым халықпен түсіндірме жұмыстарын өткізуді жиілендіру, цифрлық сауаттылықты алға тарту. Жерді беру, жерді үлестіруді электронды түрге енгізу керек;

Үшіншіден: облыстық деңгейдегі жер ресурстарын басқару комитетінің құзыреттілігін аудандық деңгейге дейін жеткізу. Себебі, аудан территориясында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдалану қадағалау сол ауданның территориясында жүргізілу керек;

Төртіншіден: Қазір сот жүйесін түбегейлі өзгерту мақсатында сот реформасы және соттардың мәртебесі туралы заң жобасын қарастыру қажет. Себебі, жауаптылар жерді әділетті түрде үлестіру мен оны тиімді пайдалану үшін алдымен сот төрелігі әділ болуы керек деп санайды. Бұл сотқа деген сенімділікті күшейтсе, бір жағынан келешекте заңбұзушылық азаяды деген үмітпен жерді әділетті түрде бөлуге ықпалын тигізеді;

Бесіншіден: Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге арналған жер учаскесі пайдаланбау фактісі алғаш рет анықталған кезден бастап қатарынан екі жыл бойы мақсатқа сай пайдаланылмаған жағдайларда, мұндай жер учаскесі көзделген тәртіппен мәжбүрлеп заңды түрде жер қорына табыстау болып табылады. Осы орайда атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қайтарылған жер телімдерін жер кодексінің баптарына сәйкес рәсімделу қажет. Мемлекеттік жер қорына әр қайтарылған жер телімі аудандық, ауылдық әкімшілік тарапынан хабарлама жұмыстары жасалу тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер :

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына

Жолдауы [//https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416](https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416)

2. «Жер қайтару бітпес күрес» Қазақстан телеарнасының деректі видео-ролігі//<https://qazagstan.tv/news/187980/>–

3. Шығыс Қазақстан облысы Жер қатынастар басқармасының мәліметтері;

4. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті <https://www.gov.kz/memleket/entities/land/press/news/details/742100?lang=kk> [4].

5. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі